



16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Гуссерльдің феноменологиясы





Эдмунд Гуссерль өмірінің шешуші тұстары Зигмунд Фрейдтің өміріне ұқсас. Гуссерль Фрейдтен үш жас кіші болды. Ол Моравиядағы еврейлер отбасында дүниеге келіп, Венада дәріс алды. Екеуі де өмірінің басым бөлігін адам ақыл-ойын алғашқы шынайы ғылыми зерттеуіне айналу маңдайына жазылған жеке жобасына арнады. Өмірлерінің соңында екеуі де нацистік антисемитизмнен зардам шекті: Фрейд Аустриядан қуылып, елінен жырақ жүріп дүниеден өтсе, Гуссерльдің кітаптарын 1939 жылы Праганы таптап өткен неміс әскерлері өртеп жіберді.

Эдмунд Густав Альбрехт Гуссерль – неміс философы, феноменологияның негізін қалаушы.

Гуссерль 1859 жылы 8 сәуірде еврей отбасында дүниеге келіп, төрт баланың екіншісі болды. Оның әкесі әйелдерге арналған баскиімдерді сататын, ал үйдегі тілі – идиш еді. Он жасында Эдмунд Венадағы училищеге оқуға түсіп, бір жылдан соң, яғни 1870 жылы Ольмюцтегі мемлекеттік гимназияға ауыстырылды. 1876 жылы ол Лейпциг университетіне қабылданып, осы оқу орнының қабырғасында астрономияны, математиканы, физиканы және философияны игере бастады. 1878 жылы Эдмунд Берлин университетіне ауысып, сол жақта Кронекер мен Вейерштрассың математикасын және Паульсеннің философиясын зерделеуді жалғастырды. 1881 жылы Гуссерль Венада математиканы зерттеді. 1882 жылдың 8 қазанында ол Вена университетінде Лео Кенигсбергердің жетекшілігімен «Вариациялық есептеу теориялары туралы» атты диссертациясын қорғап шықты да, одан әрі Франц Brentanoның шәкіртіне айналып, философияға барынша бет бұрды. 1886 жылы әкесі бақилық болған соң Гуссерль сөз байласқан болашақ жарымен протестанттық дінге өтеді де, 1887 жылы некесін қияды. Осыдан соң Гуссерль Галледегі университетте сабақ бере бастады.

Эдмунд Гуссерльдің алғашқы жарияланымдары математика негіздеріне, атап айтсақ, бұл 1891 жылы жарық көрген «Арифметика философиясы» және логикаға арналды, нақты айтсақ, бұл – «Логикалық зерттеулер» атты еңбегі. Осы «Логикалық зерттеулер» философияда Гуссерль негізін қалаған жаңа бағыт – феноменология саласындағы алғаш туындыға айналды.

Дегенмен Гуссерльдің кәсіби өмірі Фрейдтің өмірінен айтарлықтай өзгеше болды. Оның алғашқы зерттеулері медицина саласына емес, математика мен астрономияға арналды. Ол философия саласындағы ортодоксальді академиялық мансабын жалғастыра отырып, университеттің бірқатар департаменттерінде түрлі қызметтерді атқарды.

Докторлық дәрежесін Венада иемденгенімен, Гуссерль өз оқуын Галледе жалғастырып, кейіннен Аустриялық университеттерге емес, Германияға қызмет етуге шақыртылды. Гуссерльдің философияға деген қызығушылығы 1884 және 1886 жылдар аралығында Венадағы Франц Brentanoның дәрістерін тыңдаудан бастау алды. Brentano (1838–1917) бұрын шіркеу қызметшісі болған, өте білімді ғалым еді, ол өзінің кеңінен ықпалды болған «Эмпирикалық көзқарас тұрғысындағы психология» (1874) атты еңбегінде Аристотельдің ақыл-ой философиясын өз замананындағы эксперименталды зерттеулерімен байланыстыруға талпынды. Кітаптың баяндауынша, ой-сана жайлы мәліметтер екі түрлі болады: физикалық және менталды немесе психикалық феномендер. Физикалық феномендер дегеніміз – түстер мен иістер сияқты дүниелер; ал ой сияқты менталды феномендер – контенттің немесе имманентті объектінің болуын талап етеді. Brentano бұл феноменді сипаттау үшін «интенционалдық» атты схоластикалық терминді қайта енгізіп, оны психикалық әрекеттер мен өмірді түсіндірудің құралы ретінде пайдаланды.

Brentanoның психологияға қатысты ықпалымен Гуссерль бастапқыда өз назарын математикаға көбірек аударды. Оның Галледегі диссертациялық жұмысы сан ұғымына арналып, 1891 жылы жарияланған алғашқы кітабы «Арифметика философиясы» деп аталды. Бұл ғылыми ізденістің мақсаты – біздің сандық ұғымдарымыздың психикалық түпнегізі болатын психикалық актілерді сәйкестендіре отырып, түсіндіру. Мысалы, біздің көптік сан туралы ұғымымыз бірліктерді жиынтықтарға топтастыратын «ұжымдық амалдар» үдерісінен туындайды. Эмпирикалық психологиядан математиканың негізін табуды көздеген Гуссерль бірқатар ұнамсыз тұжырымдар жасауға мәжбүр болды. Мысалы, ол нөл мен бірді санға жатқызбады, әрі аз сандар арифметикасы мен үлкен сандар арифметикасы арасында өткір айырмашылықты сызып көрсетуі қажет болды. Біздің ақыл-ойымыз тек қана кіп-кішкентай топтарды қарастыруға қабілетті, сондықтан арифметиканың шағын бөлігі ғана интуициялық негізге арқа сүйей алады; үлкен сандарға тап болғанда, біз интуициядан алыстап, тек символикалық ортаға жүгінеміз.



Гуссерль кітаптарының рецензенттері, әсіресе Фреге, олардың мазмұнында қиял мен ойдың арасындағы шатасудың барын айтып шағымданды. Психологияның пәніне жататын психикалық оқиғалар әрбір жеке адам үшін ерекше болғандықтан, арифметика сияқты қоғамдық ғылымның негізі бола алмайды. Ол үшін ғылым нәсілдің ортақ игілігіне жататын ойларға арқа сүйеуі тиіс. Гуссерль айтылған сындарға құлақ асып, өзінің ертеректегі психологизмінен бас тартты. 1900–1901 жылдары жазылған «Логикалық зерттеулер» еңбегінде ол логика психологиядан туындауы мүмкін емес деп, мұны іске асырудың кез келген талпынысы тұйыққа тірелетінін айтты, себебі оны дедукция көмегімен анықтау барысында логикаға жүгіну қажет болады. Бұдан соң ол, Фреге сияқты, логика мен психология арасындағы күрт айырмашылықты орынды санады. Бірақ аналитикалық дәстүрді ұстанған Фреге философияның логикалық қырына көбірек назар аударса, континенталды дәстүрдің өкілі болған Гуссерль философияның бастауын психологиялық негізге байланыстырды. Осы кезеңде Фреге мен Гуссерль – логикалық болсын, не психологиялық болсын – философияны Платонның эксплицитті реализміне негіздеуде көзқарастары ортақ болды. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы жалпы жағдайды Гилберт Райл барлық жағынан әділ болмаса да, өте көрнекі сипаттады:

Майнонг, Фреге, Брэдли, Пирс, Дж. Э. Мур және Бертан Рассел сияқты ғасырдың басында Гуссерль интеллектуалды қысымның ықпалында болды. Ғалымдардың бәрі Юм мен Милльдің идея-психологиясына қарсылық білдірді; барлығы логиканың психология құрсауынан шығуын талап етті; бәрі мән-мағына ұғымы арқылы ойлаудың субъективистік теорияларынан қашып құтылу жолын іздеді; бәрі дерлік Платонның мән-мағына, яғни концепттер мен пропозициялар теориясына қолдау көрсетті; барлығы философияны жаратылыстану ғылымдарынан ажырата отырып, жаратылыстану ғылымдарының нақты мәселелері мен философияның концепциялық мәселелерін бөліп көрсетті; барлығы дерлік концепциялық мәселелерді, сайып келгенде, супер-бақылау мәселелері ретінде қарастырып, философияның осындай концепциялық мәселелері супер-объектілерді супер-тексерулерде доғарылатынын айтты; әйткенмен, олардың барлығының концепциялық ізденістері іс-жүзіндегі практикасында платондық эпистемология талап ететін супер бақылауларынан өзгеше болып жатты. Гуссерльдің интуициялық болмыстар туралы көзқарасы Мурдың ұғымдарды тексеру туралы және Расселдің универсалияларды танып-білу туралы ой-пікіріне ұқсас болды, бірақ, әлбетте, олардың нақты концепциялық мәселелерінің шешімін интеллектуалды интуициялары емес, интеллектуалды қабілеттері табуы тиіс еді.

Райл аналитикалық және континенталды дәстүрлердің ортақ ұстанымдарын ашып көрсету үшін барын салды; бірақ Гуссерльге келгенде осындай интеллектуалды талас-тартыстар, шындап келгенде, бұл қызу жағдай тұрғысынан әлдеқайда күрделі еді.

Гуссерль Брентаноның интенционалдық ұғымын, яғни психикалық феномендердің физикалық құбылыстардан айырмашылығы – олардың объектілерге бағытталуында деген идеясын қабыл алды. «Бәлкім, мен Троя туралы ойлап немесе өзімнің инвестицияларым туралы алаңдап жатқан болармын – интенционалдық дегеніміз – «жөнінде» және «туралы» сияқты кішкентай сөздерде көрініс табатын ерекшелік. Жер бетінен жойылғанына біраз болған қала немесе әлемдегі қор нарықтары мен менің санамда жүзеге асып жатқан дүниелер арасында қандай байланыс бар?». Гуссерль мен оның жолын қуған көптеген ойшылдар осы сұрақтың жауабын жылдар бойы іздеді.

Ой үшін екі нәрсе қажет: оның мазмұны болуы тиіс және оның иесі болуы қажет. Мен аждаһа жайлы ойлап отырмын делік. Бұл құбылысты ой ететін екі нәрсе бар: біріншіден, бұл бүркіт немесе жылқы туралы емес, аждаһа туралы ой; екіншіден, бұл сіздің немесе Наполеонның ойы емес, менің ойым. Гуссерль бұл ерекшеліктерді нақты бір нәрсеге (бұл интенциялық объект) байланысты менің әрекеті, яғни актім деп сипаттар еді. Басқа адамдар да аждаһалар туралы ойлай алады; бұл жағдайда, Гуссерльдің пікірінше, бір түрге қатысты бірнеше түрлі индивидуалды актілеріміз бар. Аждаһа концепті, шын мәнінде – осыған ұқсас әрекеттердің бәрі қатысты болатын бір түр ғана.

Сонымен, «Логикалық зерттеулерде» концепттер психологиялық мәселе тұрғысынан түсіндіріледі. Олай болса, логика түсінілетін концепттермен қалай байланысады? Мұны Гуссерль геометрия теоремаларының эмпирикалық үш өлшемді денелермен арадағы байланысының үлгісімен түсіндірді. Осының арқасында ол өзінің ертеректегі психологизмінен бас тартып,



психология мен логика арасын ажыратып алды. Ендігі жерде ол әрі қарай ілгерілеп, психология мен эпистемологияның ара жігін бөліп көрсетті. Бұл үшін ол психологияны «феноменология» деп атаған жаңа пән ретінде қайта қарады.

Феноменология XX ғасырдың бірінші онжылдығында дамыды. 1900 жылы Гуссерль Геттинген университетінің ассоциациялық профессоры болып тағайындалды. Ол жерде Гуссерльдің әріптесі танымал математик Дэвид Гилберт болды, алайда оның жаңашыл идеяларына қолдау көрсеткен ең ынталы пікірлестері – өздерін «феноменологиялық қозғалыс» деп атаған Мюнхендегі философтар тобы еді. 1913 жылы бұл қозғалыс айтарлықтай күшейіп, феноменологиялық зерттеулердің жыл сайынғы басылымын жария ете бастады. Осы басылымның бірінші жариялануында Гуссерльдің «Таза феноменологияға қатысты идеялар» деп аталатын еңбегінің бірінші томы ретінде жоспарланған ауқымды шығармасы жарық көрді.

Феноменологияның мақсаты – экстра-менталды, яки экстра психикалық әлем туралы сананың жеткізетін немесе айтқысы келетін дүниелеріне сілтеме жасамай, сана туралы тікелей мәліметтерді зерделеу. 1901 жылдың өзінде Гуссерль былай деп жазды: «Танылған немесе ойдан шыққан объектінің шын мәнінде бар-жоғы немесе мүлде абсурд болуының сана үшін ешқандай айырмашылығы жоқ. Менің Юпитер туралы ойым мен Бисмарк туралы ойым, Вавилон мұнарасы мен Кельн соборы туралы ойым, әдеттегі мыңқырлы көпбұрыш пен әдеттегі мыңжүзді ядро жайлы ойым бірдей». Сол сияқты, менің үстелді көріп тұрғандағы ойым да солай деп сенді Гуссерль. Шынайы үстелді көріп тұрмын ба, әлде бұл менің галлюцинациям ба – менің тәжірибемнің интенционалдығы одан өзгермейді. Феноменологист психологиялық феномендерді мұқият зерттеп, экстра-менталды объектілер әлемін «жақшаға алуы» тиіс. Оның осы әлемнің болмысына деген көзқарасы Гуссерль эпохе/еросхе деген грек сөзімен атаған қағидаға сай саралануы қажет. Осы үдеріс феноменологиялық редукция деп аталды. Бұл сана ағынымен тікелей бірігу философиясы.

Мұндағы ескертіп өтетін нәрсе: интенционалдық ұғымының қазіргі кездегі «интенция» сөзімен байланысы жоқ. Brentano бұл сөзді философияға енгізер алдында ортағасырлық мәтіндерден алған болатын, ол жерде бұл сөз «intendere» етістігінен туындап, нысананы көзге алу барысында садақ адырнасын керу дегенді білдірді. Интенционалды объект дегеніміз – ой нысанасы.

Феноменология мен феноменализм бір нәрсе емес. Феноменалисттің пікірінше, феномендерден басқа ештеңе жоқ және материалды объектілер сияқты нәрселер туралы пайымдар болмыстар туралы пайымдарға ауыстырлуы тиіс. Беркли мен Милль феноменализм нұсқасын ұстанды. Ал Гуссерль болса, Идеяларында феномендерден басқа ақиқат жоқ деген жоқ; ол, біле тұра, феноменалды емес объектілердің әлемі бар деген ықтималдылықты жоққа шығармады. Алайда мұндай объектілер философты аса алаңдатпайды, ең әрісі, бұлар ол үшін аса қызық емес.

Гуссерльдің сөзіне қарағанда, біз өзіміздің санамыздың объектілерін қатесіз тікелей танимыз, ал сыртқы әлем туралы қолда бар ақпаратымыз тек ойша және болжамды ғана. Гуссерль өздігінен айқын имманентті перцепция, яғни қабылдау мен жалған трансцендентті перцепция арасын бөліп жарды. Имманентті перцепция – менің ағымдағы ойша әрекеттерім мен күйлеріммен тікелей танысуым. Трансцендентті перцепция – менің өткен шақтағы әрекеттерім мен күйлерім, физикалық заттар мен оқиғалардың, сондай-ақ, басқа адамдардың ақыл-ойының мазмұнын қабылдауым.

Имманентті перцепция немесе қабылдау – феноменологияның зерттеу пәні. Имманентті перцепция трансцендентті перцепцияға қарағанда біршама фундаменталды дүние, оған қоса, имманентті перцепция/қабылдау өздігінен айқын, ал трансцендентті перцепция жалған болуға бейім, сол себепті трансцендентті перцепцияны құрайтын тұжырымдар мен гипотезалар имманентті перцепциядан құтылуға негізделеді және негізделуі тиіс. Тек сана ғана «абсолютті болмысқа ие»; болмыстың барлық басқа формалары өз болмысы үшін санаға тәуелді. Осылайша феноменология – барлық пәндер арасындағы ең негізгісі, себебі оның зерттеу нышаны философия мен ғылымның барлық басқа салаларына қажетті мәліметтерді қолжетімді етеді.

Гуссерль Идеяларды үш томдық еңбек ретінде жоспарлаған болатын, бірақ соңғы екі том ол дүниеден озғаннан кейін ғана жарияланды. 1916 жылы ол Фрайбургке көшіп, 1928 жылы зейнеткерлікке шыққанша университет профессоры болып еңбек етті. Осы арада, 1923 жылы



ол Берлин университетінен алған шақырудан бас тартқан болатын. Оның Фрайбургтегі дәрістері кең халықаралық аудитория тарапынан қызығушылық тудырып, оның шәкірттерінің қатарына болашақта өте ықпалды философ болу бұйырған Мартин Хайдеггер мен Эдит Штайн да кірді. Сол жылдары ол Идеялардың I томында ұсынылған жүйенің бірнеше бағытын нығайта түсті. Бір жағынан ол Декарттың күмәнсіз деп сенген кейбір тұжырымдарын қайта қарау үшін феноменологиялық әдісті дамытты, ал оның эпохе концепті Картезиандық күмәнмен салыстырғанда, әлдеқайда радикалды болды. Екінші жағынан, ол өзінің әдістемелік солипсизмін басқа ақыл-ойлардың бар екендігін растайтын интерсубъективтіліктің мәселелерін шешумен біріктіруге талпынды. Оның шешуші ұстанымы – өзінің айтуынша, феноменологияның ажырамас қорытындысы болатын трансценденталды идеализм еді. Оның кейінгі ой-тұжырымдарының кейбір нәтижелері зейнеткерлікке шыққан жылы жарық көрген «Картезиандық медитациялар» мен «Трансценденталды логика» атты екі еңбегінде жарияланған болатын.

Гуссерльдің ең талапшыл шәкірті Мартин Хайдеггер оның 1928 жылы жарық көрген «Уақыттың ішкі ұғынудың феноменологиясы бойынша лекцияларын» редакциялаумен айналысты.

Мартин Хайдеггер (26 қыркүйек 1889, Месскирх, Герман империясы – 26 мамыр 1976, Фрайбург-им-Брайсгау, Баден-Вюртемберг, ГФР) – неміс философы, XX ғ. ең ұлы философтарының бірі.

Билік басына нацисттер келген соң Гуссерль Баденнің жер заңына сай, біраз уақытқа еврей ретінде қызметінен қуылды. Гуссерльге 1933 және 1937 жылдарда өткен философиялық конгресстерге ресми түрде де, жекелей түрде де қатысуға тыйым салынды; оның ескі кітаптары кітапханалардан алынып тасталған жоқ, бірақ жаңасын басу мүмкін емес болып қалды. Нацистік тәртіптің ұйымдастырған қысымына қарамастан Гуссерль ешқайда қоныс аударып кеткен жоқ, алайда оның балалары АҚШ-қа көшіп кетті. Гуссерль 1938 жылы Фрайбургте плевриттен жалғыздықтың құрсауында дүниеден өтті. Бельгиялық монарх-францискандық, Философияның жоғары институтының аспиранты Германн Лео Ван Бреда, гитлерлік анти-семитизмнен сақтана отырып, Гуссерльдің кітапханасы мен жария етілмеген еңбектерін Лувенге алып кетті де, философияның жесірі мен кейбір шәкірттеріне де Германиядан кетуге көмектесті. Егер осы Ван Бреда болмағанда, Гуссерльдің жесірі концлагерьге депортацияланып, ал оның мұрағаты конфискация мен жойылуға тап болар еді. Осылайша, Лувенде Гуссерль – Мұрағат қорының негізі қаланды, ол қазір де қызмет етуде.

Ал енді феноменология турасында біраз мәлімет беріп кетсек. Феноменология – тек философияның бір бағыты ғана емес, түрлі салаларға қолдануға болатын зерттеудің ерекше әдісі. Атап айтқанда, Гуссерльдің ізбасарлары психология, психиатрия, этика, математика, әлеуметтану, әдебиеттану, тарих және басқа пәндер салаларында зерттеулер жүргізді. Егер Гуссерльге дейін феноменология сипаттаушы зерттеу ретінде ғана қабылданса, Гуссерль алғаш рет феноменологияны ғылымның іргетасы болатын феноменологиялық әдісті қолданатын жаңа философия ретінде қарастырды.

Феноменологияның басты идеялары мынадай:

- Феноменологияның басты мақсаттары – ғылым туралы ғылымды, ғылым туралы ілімді құру және барлық танымның, соның ішінде ғылыми танымның негізі ретінде күнделікті өмір әлемін ашып көрсету;
- Өмірлік әлем мен ғылымды тануды сананы зерттеуден бастау қажет, себебі шынайы әлемді адамдар тек сол арқылы ғана ұғына алады;
- Шынайы әлемнің өзі емес, оны адамның қалай қабылдап, ойға түйілетіні маңызды.
- Сана әлемді зерттеудің құралы ретінде емес, философияның басты пәні ретінде қарастырылуы қажет;
- Біріншіден, «Сана дегеніміз не?», екіншіден, «ол сана емес нәрселерден несімен ерекшеленеді?» дейтін сұрақтардың жауабын қарау қажет;
- Ол үшін таза, пәнге дейінгі, символдарға дейінгі сананы немесе «субъективті ағымды» бөліп алып, оның ерекшеліктерін анықтау қажет;
- Таза сананың басты ерекшелігі – интенционалдылық, яғни оның үнемі пәндерге бағытталған сипаты. Сана үнемі бірдеңеге бағытталып тұрады.